

## Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы N 115 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 сәуірде N 14-6-96 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы N 683 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011.05.20 N 683 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20 баптарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімдегі әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шақыру және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" № 960 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 Қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Әскери қызметке шақыру жұмысын жүргізу үшін төмендегі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Тастанов Мақсат Шапатайұлы		Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы /келісім бойынша/
Құрбан Керім Бархыұлы		Аудан әкімі аппараты әкімшілік бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

Ибрагимова Мұхаббат Балтабайқызы	Аудандық емхананың тіркеу мейірбикесі, комиссия хатшысы /келісім бойынша/
Жоланов Ибрагим Төртбайұлы	Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі /келісім бойынша/
Қуатов Рустем Тәңірұлы	Аудандық орталық аурухана дәрігері, комиссия мүшесі /келісім бойынша/

3. "Қазығұрт аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (Д.Алтенев – келісім бойынша):

1) дәрігерлік комиссия құрамын қажетті мамандармен қамтамасыз етіп, комиссия жұмысы біткенге дейін дәрігерлер мен медбикелер негізгі жұмыс орындарынан босатылсын және жұмыс орны мен лауазымы сақталсын. Әскери дәрігерлік комиссияның жұмысы Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде өтеді. Жұмыс уақыты күнделікті сағат 9.00- ден 18,00-ге дейін. Демалыс күндері сенбі жексенбі;

2) әскери дәрігерлік комиссияның қажетті құралдармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуін ұйымдастырсын;

3) дәрігерлік комиссиядан емделуге жолдама алған азаматтарды ауруханада жедел стационарлық тексеруден өткізу, табылған ауруды емдеп, оларды келесі мерзімге дайындау жұмыстарын ұйымдастыру;

4) жастарды диспансерлік және амбулаториялық картасы бойынша есепте тұратын әскери қызметке жататын жастардың тізімін Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тапсыру ұсынылсын.

4. Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі (Р.Айтубай) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне салтанатты шығарып салу кезінде мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырсын.

5. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі (Л.Әбдіқұлова) әскер қатарына шақыру орындарында жастар арасында әскери патриоттық, интернационалдық тәрбие жұмыстарын жүргізісін.

6. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына сәйкес, меншік нысанасына және бағыныштылығына қарамастан барлық кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындары басшыларына кезекті әскери шақырылғандарды іс-сапарынан (демалыстардан) шақырып, олардың шақыру бекетіне дер кезінде келуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Ауыл округі әкімдері әскери шақырылушылардың уақтылы хабарландырылуын, аудандық жиналу бекетіне уақтылы жиналуы мен жеткізілуін қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне кезекті әскерге шақырылушыларды салтанатты түрде шығарып салу рәсімін ұйымдастырсын.

8. "Абдиернұр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (А.Атымтаев – келісім бойынша) Қазығұрт аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің сұранысы бойынша шақырылғандарды тасымалдау үшін жанар-жағармайы дайын және техникалық жағдайы жақсы автокөліктерді бөлу ұсынылсын.

9. Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі (Н.Дауылбаев – келісім бойынша):

1) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру қағазына келмей жүрген азаматтарды іздеп тауып, әскери дәрігерлік комиссиядан өткізу жұмыстарын жүргізу;

2) облыстық әскери дәрігерлік комиссияға бару қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылсын.

10. Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі (А.Раманқұл) аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің шақыру жұмыстарын сапалы ұйымдастыру үшін уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Тағаеваға жүктелсін.

12. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі: *Т.С.Алиев*

КЕЛІСІЛДІ:

*Қазығұрт аудандық қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімнің бастығы  
М.Ш.Тастанов*

«30» наурыз 2010 ж.

*Қазығұрт аудандық ішкі істер  
бөлімнің бастығы  
Н.Н.Дауылбаев*

«30» наурыз 2010 ж.

*"Абдиернұр" жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің директоры  
А.Р.Атымтаев*

«30» наурыз 2010 ж.

*«Қазығұрт аудандық емханасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының бастығы  
Д.С.Алтенев*

«30» наурыз 2010 ж.

